

Дужнов Даниил
7 Б сынып оқушысы, № 2 орта мектебі
Атбасар қаласы, Ақмола обласы

Мен әкеме ұқсағым келеді.

Менің әкем Дужнов Сергей Анатольевич. Әрбір адам өзінің әкесін жақсы көреді, мен де өз әкемді жақсы көремін. Әке «Асқар тау» - дегендей, ер балалар әкесін әрқашанда да үлгі тұтады. Менің әкем осы уақытқа дейін алдына мақсат қойып, жұмысының жемісін, нәтижесін көріп келеді. Ол кез келген жұмысқа жауапкершілікпен қарап, шешуге тырысады. Мен де әкем сияқты ұқыпты, жауапты, инабатты болғым келеді. Мен 7-б сыныбында оқимын. Өз құрбыларымның арасында әрқашанда мейірімді, ұйымшыл, ұжымшыл болғым келеді.

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» - дегендей, әкемнің ізін жалғастырушы, ойын ілестіруші, әкемнің алдағы уақытта мақтан тұтары мен боламын деп айтсам да көп емес. Әке деген сөз: «Ұлы тұлға». Әке отбасының кемеңгері, жанашыры өмірдің қуанышы. Егерде әкемді, мен, бір күн көрмесем, өзімді біртүрлі сезінемін. Әкемнің бір келбеті мені тойдырады. Кей кезде үй шаруашылығында, бір себептермен, әкемнің тапсырып кеткен жұмысын орындай алмай қалсам, өзімді қойар жер таппаймын. Менің ойымша әрбір бала әкесінің сөзіне жауапкершілікпен қараса, сонда ғана ол бала әкесіне ұқсайды.